

Каледж тынысы

Жамбыл медициналық колледжінің айлық ақпараттық газеті

Байқаулар

«Хирургия» пәнінің оқытушысы А.М. Дәулетов студенттер арасында «Жалпы хирургия, анестезиология және реанимация» пәнінен «Десмургия» кәсіби сайысын өткізді. Сайысқа қатысқан студенттер: «Емдеу ісі» мамандығы Садықбекова С. (301топ), Мырзабекова А. (302топ), Белхожаева А. (303топ), Сегізбай Д. (304топ), Қасымбекова А. (320топ), Әсілбек Ғ. (324топ).

Сайыстың мақсаты: ересектер мен балаларға дәрігерге дейінгі білікті шұғыл медициналық көмек көрсету; әртүрлі зақымданулар кезінде алғашқы медициналық жәрдем көрсету тәсілдерін меңгере білу; өмірге қауіп төндіретін және шұғыл жағдайлар кезінде медициналық көмек көрсете білу; студенттердің өз мамандығына деген сүйіспеншілігін арттыру; жауапкершілікке, ұқыптылыққа баулу; студенттерді өз ісіне тиянақты, ұқыпты және жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу; студенттердің теориялық білімдерін клиникалық тәжірибеде қолдана білуге және клиникалық ойлау қабілетін зерделілік қасиеттерін жетілдіру.

Әділ қазылар шешімі бойынша 324 топ студенті Әсілбек Ғ. гран при иеленді. Сайысты қорытындылау сөзі және жүлдегерлерді марапаттау рәсімі әділ қазылар алқасының төрайымы Жамбыл медициналық колледжінің директоры Ж.Н.Сарыбекова берілді. Сайыс жақсы деңгейде өтіп, өз мақсатына жетті.



Мектепке жол акциясы



2017 жылдың 21 сәуірінде №47 орта мектебінің оқушыларына кәсіби бағдар беру жұмыстары жүргізілді.



Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Қаракемер ауылы "Төле би атындағы орта мектебі" және Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Құмтиын ауылы "Ильич орта мектебі" оқушыларына 2017 жылдың 16-17 мамырында кәсіби бағдар беру жұмыстары жүргізілді.

Құттықтаймыз!

«Халықтың денсаулығы – болашақтың кепілі» атты облыстық ғылыми-практикалық конференцияға қатысып, белсенділік танытқаны үшін «Жамбыл медициналық колледжі» КМҚК Алғыс хатпен марапатталды.

«Be Clever» Халықаралық дамыту орталығының «Қазақстан тарихы» пәнінен өткізген I Халықаралық арақашықтықтағы олимпиадаға қатысып, 223 топтың студенті Б.Тұрар және жетекшісі Ш.Е.Әшімова I дәрежелі Дипломымен марапатталды.

«Be Clever» Халықаралық дамыту орталығының «Қазақстан тарихы» пәнінен өткізген I Халықаралық арақашықтықтағы олимпиадаға қатысып, 2 курс студенті Ұ.Шілдебаева және жетекшісі Г.О.Шалғынбаева I дәрежелі Дипломымен марапатталды.

«Be Clever» Халықаралық дамыту орталығының «Қазақстан тарихы» пәнінен өткізген I Халықаралық арақашықтықтағы олимпиадаға қатысып, 210 топтың студенті А.Жақсылық және жетекшісі Шайшаева Э.С. II дәрежелі Дипломымен марапатталды.

«Кәсібіңе бас ием!»

15.06.2016 ж. №1 Қалалық ауруханада Жамбыл облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының медициналық қызметкерлердің кәсіби мерекесіне арналған «Кәсібіңе бас ием!» атты қалалық салтанатты марапаттау рәсіміне Жамбыл медициналық колледжінің белсенді білімгерлері концерттік бағдарламаға қатысты.



«Біз темекіге қарсымыз!» атты айлық

Колледжде 31-мамырда атап өтілетін Дүниежүзілік темекіден күрес күніне арналған айлық өтті. Осыған байланысты көптеген іс-шаралар өткізілді. Медициналық мамандардың қатысуымен темекі мен темекі түтінінің ағзаға зияны туралы кездесу өтті. Кездесу барысында мамандар шылымның адам ағзасына зиянын айтып, бүгінде темекіге қарсы заң болмағанымен, шектеулер бар екенін айтып өтті. Мәселен, қоғамдық орындарда шылым шегуге және темекі өнімдерін жарнамалауға тыйым салынған. Сонымен қатар шылымқорлықтың салдарын түсіндіру мақсатында «Мы против курения» атты колледжішілік тәрбие сағаты өткізіліп, 1-2 курс студенттер арасында сауалнама жүргізілді. Студенттерді темекіден бас тартуға арналған стенд ұйымдастырылды. Аталған шаралардың мақсаты - денсаулыққа темекінің зиянды әсері туралы студенттерді ақпараттандыруды арттыру; оларды темекі шекпеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, өз денсаулықтарына және заңдарды орындауға жауапкершілігін арттыруға жұмылдыру. Бұл айлық №1 жалпы білім беру және жалпы гуманитарлық пәндер оқытушылары және ЦӘК төрайымы К.Ж.Байбосынованың ұйымдастыруымен өткізілді.

Біздің мекен жайымыз: Тараз қаласы, Ниетқалиев көшесі №20, Жамбыл медициналық колледжі. Басылым мүшелері: Әдістемелік кабинет, редакциялық коллегия алқасы.



Каледж тынысы

№9 30 маусым 2017 жыл жұма

Жамбыл медициналық колледжінің айлық ақпараттық газеті

15 маусым- Медицина қызметкерлерінің кәсіптік мерекесі

17.06.2017 ж. №2 Жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері ЦӘК оқытушыларының ұйымдастыруымен медицина күніне орай «Медицина кәсібі - адамгершілік асылы» атты тақырыпта салтанатты кеш өтті. Салтанатты жиынды колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова ұжымды кәсіптік мерекемен құттықтау сөзімен ашып, медицина қызметкерлері күніне байланысты Ұлттық Медициналық Ассоциациясы ҚР халқының өмірі мен денсаулығын сақтауға сіңірген абыройлы еңбегі үшін А.М. Мадидраимованы Алтын Дәрігер медальмен, Білім және Ғылым министрлігі Жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіндегі елеулі табыстары үшін «Ы.Алтынсарин» белгісімен Ф.Қ.Жапарқұлованы, Облыстық денсаулық сақтау саласындағы ұзақ жылдар бойы атқарған ерен еңбегі және ұжымның қоғамдық өміріне белсенді атсалысқаны үшін Ұ.М.Ахметованы және Ж.Р.Алты нбекованы Құрмет грамотасымен, Болашақ мамандарға білім мен тәрбие берудегі жетістіктері және медицина саласына қосқан қомақты үлесі үшін Қ.Т.Андақұлова, А.М.Даулетов, Э.Ж.Күдебаева, Г.С.Бибосынова, М.Л.Ералиев мақтау қағаздарымен марапатталды.

Салтанатты жиын соңында кәсіподақ ұйымының төрайымы Ф.Қ.Жапарқұлова медицина қызметкерлеріне кәсіподақ ұйымы атынан сый-сыяпаттарын табыс етті.



Ақ халатты абзал жандар!

Санаспайтын сағатпен түнгі төрт пе, алты ма
Ас ішпейтін тағатпен асығатын халқына.
Қуаныш нұр шашасың кім жетеді парқына
Дәрігерлер жасасын адал аппақ антына!
Ақ халатты абзал жандар жетелейтін біздерге,
Ақ халатты абзал жандар бақ сыйлайтын ізгелге,
Ақ халатты абзал жандар сенім сыйлар біздерге,
Ақ халатты абзал жандар өмір кілті сіздерде!
Ауру айтып келмейді, ауру өмір жебесі
Көңіл өмір ескегі ем бақыттың кемесі.
Алғысымыз сіздерге ақ халаттың иегесі
Денсаулығы адамның бар байлықтың төресі!

Барлық медицина қызметкерлеріне бақыт, төзімділік пен күш қайрат және отбасыларына береке тілейміз!

Колледж ұжымы

Бүгінгі нөмерде:

- 15 маусым- Медицина қызметкерлерінің кәсіптік мерекесі
- Жолың болсын, жас маман!
- Мемлекеттік қорытынды емтихан
- Педагогикалық кеңес
- Әдістемелік мектеп
- Ашық сабақтар
- Біліктілікті жетілдіру және қайта даярлау, симуляциялық оқыту орталығында өткізілген іс-шаралар
- Тәжірибе алмасу ғылыми - практикалық конференция
- Байқаулар
- Құттықтаймыз!
- Мектепке жол акциясы
- «Кәсібіңе бас ием!»
- «Біз темекіге қарсымыз!» атты айлық



ЖАС ТҮЛЕК

Жолың болсын, жас маман!

Үлкен өмірге қанат қағып барасың. Қанатың талмасын, биіктерге шырқа!
Таңдаған мамандығыңның мықты маманы, кәсіпқойы бол! Алдында күтіп тұрған жаңа өмірдің баспалдақтарынан сүрінбей өте беруіңе тілектеспіз!



29-30.06.2017 ж. күндері колледж бітірген түлектерге салтанатты түрде диплом тапсыру рәсімі өтті. Салтанатты жиынды колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова құттықтау сөзбен ашып, өзінің жылы лебізін білдірді. Барлығы 740 жас маман дипломға ие болып, оның ішінде 54 жас маманға үздік диплом табыс етілді.

Колледж тынысы

Жамбыл медициналық колледжінің айлық ақпараттық газеті

Мемлекеттік қорытынды емтихан

13. 06.-22.06.2017ж. аралығында мемлекеттік қорытынды емтихан өтті.

«Емдеу ісі» бөлімі:

- 401 топ 13.06.2017 ж. – тәжірибе, 19.06.2017 ж- теория МҚА төрағасы А.М.Сауруков.
- 402 топ 14.06.2017 ж. – тәжірибе, 20.06.2017 ж- теория МҚА төрағасы М.С.Жұманқұлов.
- 403 топ 13.06.2017ж. – теория, 19.06.2017- тәжірибе МҚА төрайымы М.Д.Бокаева.
- 404 топ 15.06.2017ж.- тәжірибе, 21.06. 2017ж-теория МҚА төрағасы Р.М.Сапарбеков.
- 405 топ 16.06.2017ж. –тәжірибе, 22.06.2017- теория МҚА төрағасы М.Ә.Бердалиев.
- 406 топ 14.06.2017ж. –тәжірибе, 20.06.2017- теория МҚА төрайымы В.З.Балқыбекова.
- 407 топ 14.06.2017ж. –тәжірибе, 20.06.2017- теория МҚА төрағасы М.Ә.Бердалиев.
- 408 топ 14.06.2017ж. –теория, 20.06.2017- тәжірибе МҚА төрағасы Т.Қ.Саурбаев.
- 413 топ 13.06.2017ж. – тәжірибе, 19.06.2017- теория МҚА төрағасы М.Р.Рабандияров.
- 414 топ 14.06.2017ж. –тәжірибе, 20.06.2017- теория МҚА төрағасы М.Р.Сапарбеков.
- 415 топ 15.06.2017ж.- тәжірибе, 21.06. 2017-теория МҚА төрағасы Р.Б.Нұржанов.
- 416 топ 15.06.2017ж.- тәжірибе, 21.06. 2017-теория МҚА төрайымы В.З.Балқыбекова.
- 417 топ 16.06.2017ж. – тәжірибе, 22.06.2017- теория МҚА төрағасы А.М.Сауруков.
- 418 топ 13.06.2017ж. – тәжірибе, 19.06.2017- теория МҚА төрағасы С.З.Бейсенбеков.
- 419 топ 16.06.2017ж. –теория, 22.06.2017-тәжірибе МҚА төрағасы М.Ә.Бердалиев.
- 420 топ 16.06.2017ж. – тәжірибе, 22.06.2017- теория МҚА төрағасы С.З.Бейсенбеков.
- 421 топ 13.06.2017ж. – тәжірибе, 19.06.2017- теория МҚА төрағасы М.С.Жұманқұлов.
- 422 топ 15.06.2017ж.- тәжірибе, 21.06. 2017-теория МҚА төрайымы К.А.Сагинғалиева.
- 424 топ 16.06.2017 ж. –тәжірибе, 22.06.2017- теория МҚА төрайымы М.Р.Рабандияров.
- 425 топ 13.06.2017ж. – теория, 19.06.2017- тәжірибе МҚА төрағасы М.Р.Рабандияров.
- 426 топ 15.06.2017ж- теория, 21.06. 2017-тәжірибе МҚА төрағасы Т.Қ.Саурбаев.

«Медбикелік іс» бөлімі:

- 409 топ 13.06.2017ж – тәжірибе, 19.06.2017- теория МҚА төрайымы А.Қ.Айтбаева.
- 410 топ топ 14.06.2017ж –теория, 20.06.2017- теория МҚА төрайымы К.А.Сагинғалиева.
- 411 топ15.06.2017ж- тәжірибе, 21.06. 2017-теория МҚА төрайымы Ә.Ө.Шагаева.
- 412 топ 16.06.2017ж – тәжірибе, 22.06.2017- теория МҚА төрайымы Ә.Ө.Шагаева.
- 428 топ 16.06.2017 – теория, 22.06.2017- тәжірибе МҚА төрағасы Р.Б.Нұржанов.
- 423 топ14.06.2017ж –тәжірибе, 20.06.2017- теория МҚА төрайымы А.Қ.Айтбаева.

«Фармация» бөлімі:

- 429 топ 14.06.2017ж – ТЛФ теория, 19.06.2017ж- фармакология теория, 22.06.2017 –ОЭФ теория МҚА төрайымы Л.О.Айтқұлова.
- 430 топ 13.06.2017 ж – ТЛФ теория, 19.06.2017- ОЭФ теория, 22.06.2017ж – фармакология теория МҚА төрайымы Ш.С.Абидова.

II курс "Емдеу ісі", "Мейірбике ісі" мамандықтары күндізгі бөлімдерінде 2017 жылдың 23.05.-15.06 аралығында "Қазақстан тарихы" пәнінен мемлекеттік емтихан өткізілді. Мемлекеттік емтихан төрағалары Тараз қаласының жоғары оқу орындарынан шақырылды. ТарМУ оқу орнынан Е.К.Серікбаев, Д.Байдалиев және ТарМПИ оқу орнынан Б.К.Таңатаров, Б.А.Джурсунбаев төрағалық етті.

II курс "Медбикелік ісі" мамандығы күндізгі бөлімінде 2017 жылдың 30.05-6.06 аралығында "Медбикелік ісі негіздері" пәнінен мемлекеттік емтихан өтті.

Педагогикалық кеңес

01.07.2017 ж. Педагогикалық кеңестің кезекті отырысы өткізілді.
Күн тәртібі:

- 1. Күндізгі бөлім "Мейірбике ісі", "Емдеу ісі", "Фармация" мамандықтары бойынша диплом алдындағы тәжірибенің қорытындысын сараптау. Жауапты: директордың оқу-тәжірибе ісі жөніндегі орынбасары Андақұлова Қ.Т.
- 2. Күндізгі бөлім "Мейірбике ісі", "Емдеу ісі", "Фармация" мамандықтары бойынша мемлекеттік емтиханның қорытындысын сараптау. Жауапты: бөлім меңгерушілері.
- 3. Облыстық балалар ауруханасы базасында тәжірибелік сабақтардың, өндірістік оқытудың және кәсіби тәжірибенің өту жағдайы мен білім сапасы. Жауапты: Мадимарова Б.С.
- 4. 2016-2017 оқу жылындағы оқу-тәжірибе жұмысының сараптамасы және қорытындысы. Жауапты: директордың оқу- тәжірибе ісі жөніндегі орынбасары Андақұлова Қ.Т.
- 5. 2016-2017 оқу жылындағы оқу-әдістемелік жұмысының сараптамасы және қорытындысы. Жауапты: оқу-әдістемелік кабинет меңгерушісі Иманбекова Ж.Б.
- 6. 2016-2017 оқу жылындағы орта буын медициналық және фармацевтикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау жұмысының сараптамасы және қорытындысы. Жауапты: директордың орта буын медициналық және фармацевтикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау бойынша директордың орынбасары Тлеубаева М.И.
- 7. 2016-2017 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының сараптамасы және қорытындысы. Жауапты: директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қуанышбекова Л.Т.

Колледж тынысы

Жамбыл медициналық колледжінің айлық ақпараттық газеті

Әдістемелік мектеп. Жас оқытушылар мектебінің отырысы

7.06.2017ж . Тақырыбы: «Ізденген жетер мұратқа» атты қорытынды есеп беру семинары

1.«Ізденген жетер мұратқа» тақырыбында оқытушылардың атқарған жұмысын талдау, қорытындылау. Жауапты: әдіскер Батаева Л.К

2.Жас оқытушының кәсіптік қызметін бағалау.

3. Жоғары сатыға өтетін оқытушылардың шығармашылық есебі.

Семинардың мақсаты: Жас мамандармен жүргізілетін әдістемелік жұмысты жандандыру, кәсіптік дағдылары мен шығармашылық әлеуетін көтеру, белсенділігін арттыру, оларды қолдау және ынталандыру.

Қорытынды есеп беру семинарының өткізілуі барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

I.1.Жүргізушінің кіріспе сөзі.

I.2. Психологиялық дайындық: Логикалық сұрақтар

II. Жоғары топқа өтетін оқытушылардың есебі.

2.1. Көрме. (Оқытушының әдістемелік жұмыстарының көрмесі)

2.1. Жоғары топқа өтетін оқытушылармен таныстыру.

III.3. Жоғары топқа өтетіндердің атқарылған жұмыстарының есебі.

III. 1.Тренинг: Миға шабуыл (аңыз): «Екі шелек»

IV. 2016-2017 оқу жылында өткізілген жұмыстың қорытындысы.

2. Әдістемелік кабинет атынан құттықтау

3. Ән: «Ертеңіме сенемін»

Әдістемелік мектептен жоғары сатыға өтетін 7 оқытушының әдістемелік жұмыстарының көрмесі қойылды. Жоғары сатыға өтетін оқытушы саны: 7 Олар: химия пәні оқытушысы А.С.Ташмаханбетова Алия, биология пәні оқытушысы Д.Т.Тлеугабылова, тарих пәні оқытушысы А.С.Байбосынова, мейірбике ісі негіздері пәндері оқытушылары А.Т.Парманова, Ә.Ж. Кудебаева, С.Г. Бибосынова, анатомия пәні оқытушысы Д.Қ.Назар.

Жас мамандардар «Не үйрендіңіз? Не білдіңіз? Кездескен қиындықтар, оны қалай жеңе білдіңіз? Жеткен жетістіктеріңіз. Әдістемелік мектепке тілегіңіз.» деген сұрақтар төңірегіндегі өз ойларын ортаға салды. Олар осы әдістемелік мектеп мүшесі болған уақыттағы атқарған жұмыстарының есебін берді.

Жоғары сатыға өтетін жас мамандарымызға естелік құттықтау қағаздары тапсырылды. Жас мамандардың есеп беру отырысы «Ертеңіме сенемін» әнімен аяқталды.



Ашық сабақтар

16.05.2017 ж. Анатомия пәнінің оқытушысы А. А. Бопеева «Медбикелік іс» бөлімі 209 топта «Жүйке жүйесінің маңызы. Оның орталық және шеткі, соматикалық және вегетативті бөлімдері. Орталық жүйке жүйесі. Жұлын, топографиясы, құрылысы, қабаттары, қызметі» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты: студенттерге жүйке жүйесі, орталық жүйке жүйесі және жұлын бөлімдері, құрылысын таныстырып түсіндіру; болашақ медицина қызметкерлерінің жүйке жүйесі құрылысын және қызметі туралы сауаттылығын арттыра отырып, олардың ойлау қабілетін, ой-өрісін дамыту. Студенттерді өз мамандығын сүюге, құрметтеуге, қастерлеуге тәрбиелеу. Сабақ жақсы деңгейде өтіп, өз мақсатына жетті.



22.05.2017ж. Анатомия пәнінің оқытушысы Д. Қ. Назар «Емдеу ісі» бөлімі 201 топта «Есту, дәм және иіс сезу мүшелері құрылысы» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты: студенттерге есту, дәм және иіс сезу мүшелері құрылысын таныстырып түсіндіру; болашақ медицина қызметкерлерінің жүйке жүйесі құрылысын және қызметі туралы сауаттылығын арттыра отырып, олардың ойлау қабілетін, ой-өрісін дамыту, анатомия пәніне қызығушылығын арттыру. Студенттерді өз мамандықтарын құрметтеуге, сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу. Сабақ жақсы деңгейде өтіп, өз мақсатына жетті.

Біліктілікті жетілдіру және қайта даярлау, симуляциялық оқыту орталығында өткізілген іс-шаралар

24.04.2017. – 08.05.2017 жылы ақылы негізде, орыс тілде «Мейірбике ісі» мамандығы бойынша «Емдік тамақтану негіздері», «Госпитальға дейінгі кезеңдегі дәрігерге дейінгі шұғыл медициналық көмек», «Медициналық ұйымдардың қызметіндегі бас (аға) мейірбикенің рөлі» атты циклдар өткізілді.



Тәжірибе алмасу ғылыми-практикалық конференциясы

11.05.2017 ж. Салауатты өмір салтын ұстанудың тиімді жолдарын қарастыру мақсатында «Тараз «Болашақ» колледжінде «Халықтың денсаулығы – болашақтың кепілі» тақырыбында облыстық ғылыми – практикалық конференция өтті. Конференцияға Жамбыл медициналық колледжінен фармацевтикалық пәндер оқытушылары Серкебаева А.К., Нурбаева Р.Т. қағысып, «Егемен елдің ертеңі – бүгінгі жас ұрпақ», «Дені сау ұрпақ болашақтың кепілі» тақырыбында ой-пікірлерін айтып, талқылап Алғыс хаттармен марапатталды. Колледжіміздің 310 топ «Мейірбике ісі» бөлімінің студенттері белсене қатысып, жас ұрпаққа салауатты өмір сүру жолдарын қалыптастыру пікірлерімен бөлісіп, ортаға салды. Әрдайым іс-шараларда белсенділік көрсеткіні және тәжірибелік көмек көрсетіп отырғандары үшін Жамбыл медициналық колледжінің басшылығын Алғыс хатпен марапаттады